

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТИ**



Жатақханалар ішкі тәртібінің ережелері

ШЫМКЕНТ 2017

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің ұжымында
талқыланған және университет Ғылыми кеңесінде бекітілген.

Хаттама № 1 31 08 201 ж.

Жатақханалар ішкі тәртібінің ережелері

Жатақханалар ішкітәртібінің ережесін бұзған және студентке жараспайтын іс-әрекеттер жасаған студенттерге «ескерту» және «қатаң сөгіс» беріледі. Жатақханаларға ішкі тәртібінің ережелері мен келісімшартына қайшы іс-әрекет жасаған студенттердің мәліметтері тәрбиешінің ұсынысымен Басқару кеңесіне жіберіледі.

Басқару кеңесінің шешімдерінде көрсетілген тәртіптік жазалауларды (жауапқа тарту), ректор және ректор өкілі азайтуға немесе көбейтуге құқылы.

Жатақханадан шығару туралы шешімге наразы (қарсы) болған студенттер бес күн ішінде Ректоратқа өз наразылықтарын білдіре алады. Бірақ, наразылық білдіру жатақханадан шығару туралы шешімнің күшін жоймайды.

Жатақханадан шығарылуы туралы шешім қабылданған студенттер, ең кемі бес күн ішінде жатақхананы босатуға және жатақхана куәліктерін жатақхана басқармасына өткізуге міндетті.

Ескерту беру

Ескерту берілетін жағдайлар төмендегіше:

- а) студентке жараспайтын іс-әрекеттер жасау;
- ә) адамдармен қарым-қатынаста дөрекі және әдепсіз іс-әрекеттер жасау;
- б) айналасын таза ұстамау;
- в) музыкалық аспаптардың дауысын қатты қойып, айналасындағылардың мазасын алу;
- г) студенттер жатақханасының келісімшартында көрсетілген ережелерге мойынсұнбау;
- д) жатақхана ішінен сауда мақсатында орын ашу;
- е) жатақхана заттарының орнын рұқсатсыз ауыстыру.

Сөгіс беру

Сөгіс берілетін жағдайлар төмендегіше:

- а) ескерту берілетін іс-әрекеттерді қайталау;
- ә) студенттің ар-намысына нұқсан келтіретін, студентке жараспайтын іс-әрекеттер жасау;
- б) қабырғаларға, есіктерге, мүлік беттеріне жазулар жазу, сызу, саяси партияларға қатысты белгі, әдепсіз суреттер жапсыру, жатақхана мүлкіне зиян келтіру, өз бөлмесінен тыс басқа жерлерде Ректорат бекітпеген хабарландыру немесе жарнама ілу, жатақхана бөлмелері мен қондырғыларын мақсатсыз пайдалану;

Қатаң сөгіс беру

Қатаң сөгіс берілетін жағдайлар төмендегідей:

- а) сөгіс берілетін іс-әрекеттерді қайталау;
- ә) Ректорат ілген және ілуге рұқсат берген хабарландыруын жұлу, жыртып тастау;
- б) талап еткен анықтамаларды бермеу немесе қате беру;
- в) спирттік ішімдіктер ішіп айналасының мазасын алу;
- г) екі күн рұқсатсыз жатақханаға қонбау.

Жатақханадан шығару

Уақытша жатақханадан шығаратын жағдайлар төмендегідей:

- а) төбелес шығару немесе біреуді қорқыту, бопсалау;
- ә) қатаң сөгіс берілетін жағдайларды қайталау;
- б) жатақханалардың айналасын ластау, бүлдіру;
- в) жатақхана мүліктері мен заттарына зиян келтіру;
- г) жатақханада тіркелмеген адамдардың жатақханаға кірулеріне және жасырынуына жағдай жасау, оларға көмектесу, жасыру;
- д) басшылар мен қызметкерлерге жұмыс істеуге кедергі жасау, ескертулерді тыңдамау;
- е) 5 күн қатарынан жатақханаға рұқсатсыз келмеу;

Жатақханадан уақытша шығару мерзімі Басқару кеңесінің қабылдайтын шешіміне қарай ең кемі 30 күн мен бір оқу жылы аралығында болуы мүмкін. Жатақханадан уақытша шығарылған студенттер осы уақыт аралығында жатақханаға кіре алмайды.